

2025 жылға арналған

мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1) Қызмет көрсетуші туралы мәліметтер

Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді «Первомайка ауылының жалпы орта мектебі» КММ көрсетеді.

Заңды мекенжайы: Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Первомайка ауылы, Мира көшесі №42.

2) Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

«Первомайка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де 10 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы «Первомайка ауылының жалпы орта мектебі» КММ 50 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Оның ішінде:

- электрондық үкімет порталы арқылы – 28 мемлекеттік қызмет;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 0 мемлекеттік қызмет;
- қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 22 мемлекеттік қызмет;
- қызмет көрсетушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық түрде – 0 мемлекеттік қызмет.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден 1 негізді бас тарту тіркелді, оның ішінде: 1 – электрондық форматта.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

3) Ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

Білім беру саласындағы ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

- «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау»;
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»;
- «Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау».

2. Қызмет алушылармен жұмыс

1) Ақпарат көздері мен қолжетімділік орындары туралы мәліметтер

Қызмет алушылар үшін барлық қажетті ақпарат «Первомайка ауылының жалпы орта мектебі» КММ-нің ресми интернет-ресурсында

<http://sc0006.astrahanka.aqmoedu.kz/>

«Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде орналастырылған, онда мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары жарияланған.

Сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары ресми интернет-ресурста және ақпараттық стендте орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

2) Ашықтықты қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар

2025 жылы ресми интернет-парақшаларда 3 жарияланым және 5 тікелей эфир өткізілді.

Ай сайын бұқаралық ақпарат құралдары және қызмет көрсетушілердің интернет-ресурстары арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы халықты ақпараттандыру жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет

1. 2022 жылдан бастап «Первомайка ауылының жалпы орта мектебі» КММ-де Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру» жүйесі жұмыс істейді, онда 5 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2. «Первомайка ауылының жалпы орта мектебі» КММ-де мемлекеттік қызметтерді 2 қызметкер көрсетеді, олар қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген.

2025 жылы 2 қызметкер мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылардың шағымдары туралы ақпарат

2025 жыл кезеңінде білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты шағымдар түскен жоқ.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг нәтижелері

2025 жылғы қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ескертулер жоқ.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру перспективалары

Қызмет көрсету тиімділігін және қызмет алушылардың қанағаттанушылығын арттыру мақсатында мынадай міндеттер қойылды:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтау;
- мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- электрондық үкімет порталы арқылы өтініштер үлесін арттыру;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі мемлекеттік бақылау жүргізу.

Мектеп директоры



Нысанбаева Ж.Г.

Орындаған: Отеулиева Д.О.

Тел.: 8(71641) 29346